

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

БҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 22 мамыр жұма 2015 жыл № 20 (22)

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

«100 нақты қадам» – бұл ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАУ-АП және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ҰЛТТЫҢ ДАМУЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ отыздығына КІРУІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ.

«100 нақты қадам» елімізге «2050-Стратегиясын» жүзеге асыру мен ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУҒА, ЖОЛДАН АДАСПАУҒА, КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢНЕН СЕНІМДІ ӨТУГЕ жағдай туғызатын БЕРІКТІК ҚОРЫН жасап беретін болады.

Жоспардың негізгі мақсаты «АУРУЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІН» СЫЛАП-СИПАП ҚОЮ ЕМЕС, ОЛАРДЫ «ЖҮЙЕЛІ ЕМДЕУ» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды.

5, 6, 7 - беттер

Жойылсын «соғыс» деген жалғыз сөз...

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған жауынгерлік және еңбек даңқы мұражайлары байқауының қорытындысы



Металлургтер шаһарының барлық мектептерінде соғыс тарихынан мағлұмат беретін бұрыштар, мұражайлар, мүйістер, залдар жасақталған және олар қолға түскенді жинамай бірімен бірі жарыса отырып кім, қандай қызықты, ерекше деректер, материалдар жинайды деген мазмұнда бәсекеге түсті.


2 - бет




Бес шаңырақтың берекелі өмірі

4 - бет

Тақырыбы – туған ел



3 - бет



Металлургтер шаһарының барлық мектептерінде соғыс тарихынан мағлұмат беретін бұрыштар, мұражайлар, мүйістер, залдар жасақталған және олар қолға түскенді жинамай бірімен бірі жарыса отырып кім, қандай қызықты, ерекше деректер, материалдар жинайды деген мазмұнда бәсекеге



түсті. Оны ұйымдастырушылар қалалық білім бөлімі, ардагерлер кеңесі, жастармен жұмыс жөніндегі орталық, «Жас Отан» жастар қанаты болатын.

Кеше № 4 орта мектепте осы қалалық байқау конкурстың қорытынды кезеңіне арналған салтанат өтті. ҚР көк байрағы салтанатты түрде залға әкелініп, Өнұран шырқалғаннан кейін қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Н.Вахитова бірінші болып сөз алды.

— Біздің қалада 1975 жылы алғаш рет пионерлер үйінде мұражай ұйымдастырылды. Қызыл ізшілер естелік кітапты жарыққа шығарды, ал № 1 мектепте арнайы мұражай ашылды. Бұл өте қажет нәрсе, себебі қарттардың қатары күн өткен сайын сиреп барады. Мәселен, 2013 жылы біздің қаламызда 74 соғыс ардагері тұратын, ал қазір небәрі 46 адам ғана қалды. Олардың бәрі 90-ға аяқ басқан жандар. Сондықтан көзі тірілерінің есте қалғандарын жинап, тарихи шежірені молай-

Қалалық байқау

Жойылсын «соғыс» деген жалғыз сөз...

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған жауынгерлік және еңбек даңқы мұражайлары байқауының қорытындысы

ту бүгінгі жастардың міндеті. Биылғы 70 жылдықта бұл үрдіс кең өріс алды, бұрын-соңды біздің қаламызда мұншалықты көп материал жиналмаған, — дей келе Нина Тимофеевна барлық мектептердің ұстаздары мен оқушыларына ардагерлердің ақ тілегі мен алғыстарын жеткізді.

болды.

Қалалық мәслихат депутаты, «Жастар клубының» жетекшісі А.Б. Ломакін аула клубтары арасында Н.Әбдіров атындағы клубтың 1-ші орынға, «Батыр» — 2-ші, «Әлия» 3-ші орынға ие болғанын жеткізді. Теміртау қалалық Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы полковник Қ.Әбішев ең үздік жауынгерлік және еңбек даңқы мұражайлары арасында № 24 кәсіптік колледжді 1-ші орын алуымен құттықтады, № 5 қазақ орта мектебі осы аталым бойынша 2-ші орынды иеленді. Қала әкімінің орынбасары Ш. Мырзақасымов:

— Біздің жастар бүгінгі бейбіт заманға қол жеткізген аталарын — соғыс ардагерлерін ешқашан ұмытпайды, биылғы мерейтойдағы іс-шаралар осыны дәлелдеп отыр. Екінші рет өткізілген «Өлмейтін полк» шеруінде жастар аса белсенділік көрсетті. Бұл ардагерлер жүріп өткен жол олардың елі



Бұдан кейін Н.Вахитова қалалық байқау конкурстың «Ең үздік жауынгерлік және еңбек даңқы бұрышы» аталымы бойынша анықталған жеңімпаздарға тиісті сый-сияпаттарды өз қолымен тапсырды. № 16, № 23, № 10 орта мектептер, № 1 қалалық гимназия мұндай мазмұндағы мүйістерді дайындауда көрсеткен белсенділіктері үшін алғысқа ие болса, № 7 мектеп үшінші, №15 қазақ гимназиясы екінші, ал № 9 мектеп-лицей бірінші орынға ие

үшін, ұлтарактай жер үшін төккен қаны зая кетпегенін көрсетеді, — дей келіп конкурстың ең үздік зал аталымы бойынша жүлдегерлер есімін жария етті. 1-ші орын № 19 және № 21 мектептерге берілді. Ал байқаудың бас жүлдесі — Гран при № 4 қазақ орта мектебінің үлесінде.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Суреттерді түсірген

Қарлығаш Бейсенқызы

Бала — бақыт

Өткен жұмада халықаралық отбасы күніне байланысты қалада бірқатар шаралар өтті. Оған салауатты өмір салтын сақтау облыстық орталығының филиалы жетекшілік етті.

Перзентханадағы аналар қуанышы

— Халықаралық отбасы күні. Бұл әрбір жанұяның мерекесі. Ал қоғамда жалпы өмірде бәрі де отбасыға тікелей байланысты. Отан отбасынан басталады деп халқымыз тегін айтпаған. Өйткені нағыз бақытты ұяда ғана оның балапандары биікке самғап ұша алады. Өмірде кездесетін қиыншылықтарға төзе біледі. Сөйтіп өзін де айналасындағыларды да бақытты етеді. Бұл өмірдің заңы. Биылғы мереке қаладағы қоғамдық ұйымдармен және демеуші «Оазис» сауда компаниясымен бірігіп өткізілді, — деді мекеме басшысы Оксана Шмелова.

Алдымен салауатты өмір салтын сақтау орталығы қызметкерлері қалалық перзентханаға жол тартты. Мұнда олар өмірге сәби әкеліп үлкен қуанышқа кенелген аналардың қызығына ортақтасты. Қазір мұнда 40 әйел босанған, бәрі де өздеріне ұсынылған сыйлықтарға үлкен ризалықтарын білдірді. қалалық перзентхана директоры Сәуле Аманжолова бұл іс-шараға аналармен бірдей қуанып жыл өткен сайын өмірге сәби келу оқиғасының жиілей түскенін тілге тиек етті.

— 15 мамыр күні салауат-

ты өмір салты орталығындағы әріптестеріміз біздің перзентханаға келіп босанып жатқан әйелдерді құттықтады. Бұл әрине үлкен қолдау және ана болуға құлшындыратын үрдіс деп білемін. мұндай игілікті шаралар жиі өтсе нұр үстіне нұр болар еді. Отбасына жаңа адамның қосылуы бұл әр жанұяны ғана емес жалпы мемлекетті халықты байытатын құбылыс, — деп өз қуанышымен бөлісті басшы.

Салауатты өмір салтын сақтау орталығының қызметкерлері бұдан кейін Теміртау политехникалық колледжінде өткен отбасы мерекесіне қатысты, мұнда еріктілер отбасын жоспарлау, жастардың денсаулығын қадағалау жөніндегі парақшаларды таратып түймедақ гүлі салынған шарларды аспанға ұшырды одан кейін қалалық хал актілерін тіркеу мекемесінде екі жас отбасына салтанатты құттықтау қағазы тапсырылды.

Міне осылайша бүкіл әлем халқы атап өтетін отбасы күні теміртаулықтар өмірінде де үлкен із қалдырды. Әркім басымыз аман, бауырымыз бүтін, отбасымыз түгел болсын деген ізгі тілектермен өткізді бұл күнді.

Өз тілшімізден

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 4 шешімі

Теміртау қаласы әкімінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 3 «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімінің күшін жою туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғаныс туралы» Заңына сәйкес Теміртау қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Теміртау қаласы әкімінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 3 «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3156 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 16 «Құрыш қала kz» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын өзін бақылаймын.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

А. ЕСМҰРЗАЕВ

Решение акима города Темиртау Карагандинской области от 18 мая 2015 года № 4

О признании утратившим силу решения акима города Темиртау от 13 апреля 2015 года № 3 «Об объявлении чрезвычайной ситуации природного характера»

В соответствии со статьей 8 Закона Республики Казахстан от 27 ноября 2000 года «Об административных процедурах», статьями 33, 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года «О гражданской защите», аким города Темиртау **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившим силу решение акима города Темиртау от 13 апреля 2015 года № 3 «Об объявлении чрезвычайной ситуации природного характера» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 3156, опубликовано 24 апреля 2015 года в информационно-правовой системе «Әділет», 24 апреля 2015 года в газете «Құрышқалакz» № 16).

2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.

Исполняющий обязанности акима города

А. ЕСМУРЗАЕВ

В связи с допущенной технической ошибкой текст постановления акимата города Темиртау на русском языке, опубликованного в газете «Құрыш қала kz» 31 марта 2015 года № 13, читать в следующей редакции:

Постановление акимата города Темиртау Карагандинской области от 26 февраля 2015 года № 8/3

Зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской области 26 марта 2015 года № 3060

Об утверждении положения государственного учреждения «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Темиртау»

Руководствуясь Бюджетным кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, статьями 31, 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Темиртау **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемое положение государственного учреждения «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Темиртау».

2. Контроль за исполнением данного постановления возложить на заместителя акима города Тымченко Сергея Николаевича.


3. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким города

Н. СУЛТАНОВ

Мұражай мүйісі

Тақырыбы — туған ел

Әділбаева Индира
«Нұра алқабы»Қазақтың ұлттық ойындары
7 «А» сынып оқушыларыНестулиева Елена
Трухано Евгений
«Тигр»

Теміртау қалалық тарихи-өлкентану мұражайы мен «Тілінен ауыр зақым алған балаларға арналған мектеп интернат» тәрбиеленушілері арасында тығыз шығармашылық байланыс қалыптасып үлгерді. Оның басты себебі денсаулығы

кем болса да соның орнын өнерімен толықтыруға ұмтылған жасөспірімдердің жұмысы көрермендерді әрдайым таңдай қақтырып келеді. Осы аптада қалалық мұражайдың шағын бір бөлмесі «Менің Қазақстаным» деген атпен қойылған көрме залына айналды. Ол туындылардың барлығы балалардың қолымен жасалған. Қарап отырсақ қандай өнер жоқ десеңізші. Мұнда кәдімгі көркем картиналар, киізден жасалған бұйымдар, су моншақтан тігілген кестелер, ертегілерден алынған ойнақы кейіпкерлер бейнесі бәрі-бәрі кәдімгі өмірдің өзіндей көрерменге сыр шертіп тұрған сияқты. Балаларды Елорданың қазіргі келбеті қатты қызықтырады. Оны өздерінің шығармаларына арқау етуі соны меңзейді. Астанаға барған адам қаланың сәулеттік белгісі Бәйтерекке бір соқпай кетпесі анық, ал бала шеберлер сол Бәйтеректің макетін айнытпай жасаған. Әр жәдігердің тұсынан көз тоқтатып, зерделей қарамай, ойға берілмей өту мүмкін емес, нағыз хас шеберлердің шығармасы адамға ой салуымен құнды деген осыдан алынса керек.

— Біз осы мектеп-интернат өнерпаздарымен байланыста жұмыс істейміз бұған дейін бізде жергілікті суретші Боллохтың көрмесі кезінде оған балаларды да қатыстырған еді. Енді міне, қазір жеке көрмені аштық, бұған қырықтан аса жұмыс қойылды. Балалар өз шығармаларына қандай материалды қолдана да нағыз көркемөнер деңгейіне жеткізе біледі. Олар сулы бояуды да, иленген қамырды да, күріш, бұршақ сияқты жармаларды да тіпті кәдімгі макаронды да пайдаланады. Келушілердің бәрі ризалықпен көруде, — дейді осы көрмені ұйымдастырушы мұражайдың кіші ғылыми қызметкері Гүлім Сақытайқызы Сыздықова.

Бір айта кетерлігі бұл көрмеге әйтеуір бір шығарманы қою мақсат етілмеген керісінше Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығы құрметіне «Менің Қазақстаным» деген тақырыпта топтастырылып оған кең байтақ жеріміздің көрінісін, табиғатын, байлығын, ерекшелігін ұлттық үрдістерін бейнелейтін шығармалар жинақталған, мысалы Индира Әділбаева есімді балауса қыз «Нұра алқабы» суретінде толқыған айдыңды көк бұршақпен, ал онда жүзіп жүрген балықтардың сыртын жылтыр тастармен бейнелеген, «Жайлауда» композициясын жасау үшін балалар киізді қолдан басқан, гипстен жасалған бұйымдар да аса тартымды. Мектеп-интернат директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Е.Лобанова бұл жұмыстардың бәрі ондағы бес түрлі шеберлік үйірмелеріне қатысушылардың еңбегі екенін жеткізді.


Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Суреттерді түсірген

Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Орман шаруашылығы

Алты ай бойы ақ көрпесін жамылған табиғат аясы қазір кеңінен тыныс алуда, көктемгі жаңбырдың, қар суының молдығы ағаштардың жан-жақты бүршік атып жасыл кейіпке енуіне мол мүмкіндік берді, оның үстіне ормандағы жан-жануарлар төлдеп, құстар ұя салып тіршілік қайнап жатыр. Біздің Теміртау қаласы аумағында 6206 гектар арнайы қорғалатын жер бар, оның 2800 гектары нақты орман алқабы.



Табиғаты бай Арқаның төсіндегі бұл орманда қайың, терек те жайқалып тұр, Арқар, елік сияқты дала аңдары еркін жайылуда, дуадақ, шіл, құр сияқты құстар көк аспанда қалықтауда. Бұл біздің жеріміздің, еліміздің байлықтары. Ал өзім еңбек ететін Теміртау «Орман және жануарлар әлемін қорғау» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеті осыны қорғау, күту, өсіру болып табылады.

Бүгінгі таңда қалааралық орман шаруашылығында отыздан аса адам еңбек етіп жүр, оның 24 орманшы, алтауы осы саланың білікті мамандары. Ұжымның алға қойған жоспары сан-алуан, оның біріншісі де бірегейі орман алқабын, шабындықты, көкшалғынды тілсіз жау — өрттен қорғау болып табылады. Біз міндетті абыроймен орындап жүрміз деп айтуға негіз бар 2014 жыл мекеме қарауындағы алқапта бірде-бір өрт тұтану оқиғасы болған жоқ. Негізі орман қорғау тәртібі бойынша егер үш гектар жер жана қалса оны арнайы тексеруші органдар неден, қалай болғанын жан-жақты қарастырады. Жауапты адамдар заң жолымен жазаланады. Сондықтан біз орман алқабына аса мұқият болуымыз керек. Бір айта кетерлігі қала аумағындағы ағаштар, өскіндер бірнеше — атап айтқанда «Уралочка», «Черемушка», «Астра», «Природа» саяжайларымен шектесіп жатыр. Осы ретте орманға көптеген зияндар келтірілуде. Өсіресе саяжай иелері өз иеліктерінен шығарылған күл-қоқыстарды, тұрмыстық қалдықтарды орманға тасып шығарғанымен қоймай тіпті оны өртемек болып от қояды. Мұның аяғы үлкен көлемдегі өртке ұласпасына кім кепіл, сондықтан мұндай әрекет табиғатты қорғау заңын бұзу және өрт қауіпсіздігін сақтамау болып есептеледі. Сондықтан біз еліміздің, халықтың байлығы болып есептелетін орманды қорғауға, ондағы тіршілік иелерін, аң құстарды сақтап қалуға бүкіл халық болып жұмылуымыз керек. Жасыл желекті көздің қарашығындай аялаған жөн, өйткені экологиялық жағдай аса күрделі Теміртау қаласының таза ауамен тыныстауы осы орманның арқасы екенін ұғынған жөн. Бүгін ғана емес, келешек үшін де орман байлығын — жасыл желекті желкілдетіп сақтайық!

Бақтыбай ӘБІШЕВ,
орман маманы

«Мирасқа»

33 ЖЫЛ

Қаламыздың танымал композиторы, әнші, домбырашы, өнер жетекшісі Құралай Жүнісқызы Шәймерденова «Әлем» балалар мен жасөспірімдер орталығында «Мирас» вокальды аспаптар ансамблін құрып, жеткіншектерді үлкен сахнаға тәрбиелеп келеді. Бұған биылғы көктемде аттай 33 жыл болып отыр.

Аз уақыт емес, бір сәбидің ат жалын тартып мінетін, кемел кезеңіне жететін уақыты. Өнер тарланы қол жеткізген табыстар да қомақты. Қазақ энциклопедиясына аты жазылып тарихқа енген, отызға жуық әндердің авторы, сонымен бірге ондаған жасты өнер шыңына көтерген. Қазір осы «Мирас» ансамблінен қанат қаққан біраз жастар еліміздің түкпір-түкпірінде өнерді өмірлеріне серік етіп халыққа адал қызмет етуде. Алысқа бармай-ақ қазір осы қалада аты танымал Немере Монголхан, Асылбек Хавай, Арман Қарынсау, Тимур Омаров есімдерін айтуға болады.


Ал өткен аптадағы «Мирастың» 33 жылдығына арналған есепті концертте өнер көрсеткен оқушы-



лардың есімдерін тізіп жату мүлде артық, өйткені үш сағатқа жуық уақыт болған бұл тамаша өнер кешінде нешестүрлі құйқылжыған әр шырқалып, домбырашылардың өзі жас ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлініп күй шертті. Тағы бір айта кетерлігі есепті концерт берілген бұл күн Құралай Жүнісқызының туған күні еді. Концерт соңында сахнаға көтерілген «Әлем» орталығының директоры Инна Анатольевна Тихомирова өз сөзінде:

— Біздің балалардың тамаша өнер жетекшісі Құралай Шәймерденова жыл сайын туған күнін осы сахнада өткізеді,— деп үлкен мақтанышпен шын жүректен шыққан ықыласты тілектерін айтты, гүл шоқтарын сыйлады.

Өз тілшімізден



«Отбасын
нығайту және
дәстүрлерді сақтау
— мемлекеттілігімізді
дамытудың кепілі.
Сондықтан біз отбасының
мерейін барынша үстем
ете беруіміз керек».

**Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ**

Былырдан бастап елімізде отбасылық құндылықтарды дәріптеу жаңа маңызға ие болды. Елбасы Н.Назарбаевтың жеке өзі бастама көтеріп «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізуді ұсынды. Міне, биыл екінші жыл осындай байқау барлық қалалар мен аудандарда, аймақтарда өтіп келеді.

Биылғы қалалық «Мерейлі отбасы» байқауына әр салада еңбек ететін бес жанұя қатысты, олар оқу орындарында, еңбек ұжымдарында өткен алғашқы жарыстарда қатарластарынан озып шыққан үлгілі шаңырақ иелері. Былтыр мұндай бәсекеге қала бойынша жеті отбасы қатысқан еді, биыл саны аздау болса да олардың жұртшылыққа ұсынған өнері, жалпы өмірдегі орындары, отбасылық тағылымы басқаларға үлгі боларлық. Сондықтан болар көрермендер әрбір отбасы мүшелеріне зор қошемет көрсетіп сахна төріндегі өнерлерін үлкен ризалықпен қабылдады.

Алдымен Скатовтар-Назаренко отбасы бірінші болып өз өнерлерін ортаға салды. Құрамында жеті адам бар, отағасы Сергей Юрьевич «Водоканал-строй» фирмасының бір басшысы, жуырда ғана қала маңындағы елді-мекендерді қар суы алып кеткенін жұртшылық жақсы біледі, бірақ оны қалпына келтіру жұмысы әлі аяқталған жоқ, күндіз-түні жүріп жатыр, өте маңызды жұмысты отбасылық байқауға айырбастау отағасына бұйырмаған мүмкіндік болды, сондықтан бұл байқауда бес баланың анасы балалар мен жасөспірімдер театрының танымал артисі Надежда Сергеевна бір өзі бүлдіршіндерімен бірге айқасқа түсті. Олардың өздерін таныстырған тұсаукесер музыкалық нөмірі көпшілікті таңдандырды.

Келесі байқау Силаевтердің еншісіне тиді. Олар негізінен ҚарМИУ оқу орнының өкілдері, отағасы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-да участок шебері, ал отана Ольга Викторовна кафедра меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты, бақытты әже Вера Петровна да кезінде жас ұрпақты жоғарғы білім нәрімен суындатқан, қазір құрметті демалыста. Отбасының ұлы студент, қызы Тания мектеп оқушысы, бірақ екеуіне ортақ бір игілік спорттық би өнерін жандарына серік еткен өнерпаздар. Сол себепті Тания қазір Грузиядағы халықаралық чемпионатта Қазақстанның намысын қорғап жүр. Бұл жолы отбасы үшін «Ронд» бишілер тобы өнер көрсетті.



Ұлттық байқау

Бес шаңырақтың берекелі өмірі



Сахна кезегі
Қалмағамбетовтердің тату-тәтті, үш ұрпағы ұстаздар әулетінің дәстүрін жалғастырған отбасына тиді. Жанұяның иесі Жеңіс Қасылұлы құрылысшы, ал отанасы Рауна сауда және тамақ колледжінің тәрбие жұмыстары жөніндегі директоры орынбасары. Үш баланың үлкені екінші сынып оқушысы, кішкене Томирис бала бақшада, ал бір жасқа енді толған Ерасыл әкесінің қолынан түспей болып жатқан қызықтың бәрін жоғарыдан қарап тұр. Рауна Дәлелханқызының екі



бүлдіршінімен билеген үнді биін жұртшылық жылы қабылдады.

Байқауға жолдама алған Жаркевичтер шынында да өздерінің спорттағы жетістіктерімен көпке үлгі боларлық екендіктерін сахнадағы санаулы уақытта байқатып үлгерді. ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбо мен дзюдо спорт шебері, айкидо бойынша қара белбеу иегері, бұл атақтың бәрі Анатолий Владимировичтің бір өзінің жетістіктері, «Жастар» бассейнінің әкімшісі Валентина Георгиевнаның сымдай тартылған сымбаты ешбір анықтаманы қажет етпейтін сынайлы, ал олардың қызы Ксения қандай спортпен айналыспайды десеңізші, суға жүзуден Қазақстанның көпдүркін чемпионы, бодибилдинг, фитнес, дзюдо, дартс, кросфит жарыстарында да жүлдеден кенде қалған емес, нағыз спортшы отбасы. Өнерден де құралақан еместіктерін сахна төрінде көрсете білді.

Теміртаулықтар Ромашихиндер тегін жақсы біледі, бұл нағыз шығармашылық отбасы, Вячеслав Владимирович «Мәңгілік» жеке кәсіпкерлігінің шебері. Татьяна Юрьевна он қолынан өнері тамған кәсіби таспен ою шебері, бишілердің ұстазы, асаба, ал В.Кравцов пен Т.Ромашихина «Магнит» әдеби бірлестігінің ірге тасын биіктетіп жүрген ақындар, бірнеше кітап авторлары. Бұл отбасындағы 4 баланың бәрі де өз істеріне шығармашылық жасампаздық тұғырдан қарайтынын өздерінің өнерімен дәлелдеп келеді. Бірі биші, бірі құрастырушы, бірі ата-ананың тамаша көмекшісі. Алғашқы кезеңдегі таныстыру сынағынан сүрінбей өткен отбасылар әрқайсысы өз ерекшеліктерімен көрермендерін риза етіп, келесі «Халық даналығы былай дейді» деген бөлімінде де өздерінің нақыл сөздерді, мақал-мәтелді жақсы білетіндіктерін көрсетті. Отбасының ауызбірлігі, бірін-бірі тез түсінуі байқаудың келесі бөлігінде сарапқа салынды, алдымен нәзік жандылар жүргізушілердің сұрақтарына жауап берді, кейін дәл осындай сауалдар отағасыларға қойылды. Жауаптар бірдей болған кезде



тапсырма толық орындалды деп бағаланады. Бұл жолы да байқауға қатысушылар өздерінің отбасылық құндылықтарды, ерлі-зайыптылық түсіністікті, сыйластықты бірінші орынға қоятындықтарын көрсете алды. 5 балдық жүйемен бағаланған бұл байқауда әрине оған қатысушылардың қай-қайсысы болмасын үлкен шеберлік, мықты дайындық үлгісін көрсете білді, дегенмен бәсекенің аты бәсеке, арнайы қазылық атқарған отбасылық кеңес ақылдаса келіп жеңімпаздарды жария етті. Силаевтар, Жаркевичтер, Скатов-Назаренко отбасылары бұл байқауға лайықты дайындықпен келгендіктерін байқатып көпшіліктің көңілінен шыққаны аталып өтілді, ұйымдастырушылар оларды қалалық «Мерейлі отбасы» сынының мақтау грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Жұртшылық ду қол шапалақтап Қалмағамбетовтер және Ромашихиндер отбастарын

қарсы алды, әділқазылар осы екі жанұяны қалалық «Мерейлі отбасы» байқауының бірінші жүлделі орнына лайық деп бағалады. Бұл таңдауды жиналған жұртшылық та бірауыздан қолдағандықтарын білдіріп ұзақ қошаметтерін көрсетті. Оларға бағалы сыйлықтар мен мақтау грамоталары мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

«Мерейлі отбасы» байқауы бұл отбасы институтын нығайту, отбасы құндылықтарын арттыру, жастарға жақсы жанұяны насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отырған ұлттық конкурс, оның берері мол, өнегелі тәрбие, ата-анаға құрмет, үлкенге ізет, жасқа тағылым үшін қазіргі отбасы қандай болуы керек деген сұраққа жауап беруі басты міндеттің бірі. Ал биылғы қалалық байқауда сахнаға шыққан бес отбасының қай-қайсысы болса да береке-тіршілігімен көрермендердің жүрегіне жол тапқаны анық.

Байқауды ұйымдастырған қалалық әкімдіктің отбасы және гендерлік саясат комиссиясы, ішкі саясат бөлімі оны халықаралық отбасы күнімен ұштастырып, жанұя барлық береке бірліктің қайнар көзі, Отанның бірлігі, ағайынның татулығы, сайып келгенде атамекеннің тұтастығы деген ұғымды баршаға жеткізе алған. Бұл демографиялық ахуалға да оң әсерін тигізуде. Қалалық ішкі саясат бөлімі жетекшісі байқаудың отбасылық кеңесі төрайымы Татьяна Михайловна Куринная конкурстың қорытындысын айта келіп:

— Әр адамның өмірінде отбасы бақыты, шаңырақ шаттығы үлкен рөл атқарады, бұл біз отбасында бақытты болсақ еңбекте де, жалпы қоғамда табысқа жетеміз, әр адамның өмірдің мүмкіндігін толық пайдалануы да жанұядағы жағдайына тікелей байланысты. Бүгін осы сахнада өздерін жан-жақты көрсете білген бес отбасы нағыз береке-тіршілік иелері деп айтуға толық негіз бар, — деді.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Суреттерді түсірген
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

«100 нақты қадам» – бұл ЖАҢАНДЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАУАП және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ҰЛТТЫҢ ДАМУЫҢ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ отыздығына КІРУІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ.

«100 нақты қадам» елімізге «2050-Стратегиясын» жүзеге асыру мен ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУҒА, ЖОЛДАН АДАСПАУҒА, КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢНЕН СЕНІМДІ ӨТУГЕ жағдай туғызатын БЕРІКТІК ҚОРЫН жасап беретін болады.

Жоспардың негізгі мақсаты «АУРУЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІН» СЫЛАП-СИПАП ҚОЮ ЕМЕС, ОЛАРДЫ «ЖҮЙЕЛІ ЕМДЕУ» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды.

I. Кәсіби мемлекеттік аппарат құру

1 - қадам.
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМДЕРІН ЖАҢҒЫРТУ. Мемлекеттік қызметке қабылдау ТӨМЕНГІ ЛАУАЗЫМДАРДАН басталуы тиіс.

2 -қадам.
Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕР негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

3 - қадам.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ РӨЛІН АРТТЫРУ есебінен мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушыларды ІРІКТЕУ РЕСІМІН ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ. Үш сатылы іріктеу жүйесін енгізу.

4 - қадам.
3+3 ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ СЫНАҚ МЕРЗІМІ (тиісінше үш айдан кейін және алты айдан кейін сәйкестілікті межелік бақылау).

5 - қадам.
Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты ӨСІРУ.

6 - қадам.
ЕҢБЕКАҚЫНЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУГЕ КӨШУ.

Мемлекеттік қызметкерлер үшін – жеке жылдық жоспарларды орындау; мемлекеттік органдар үшін – стратегиялық жоспарларды орындау; министрлер және әкімдер үшін – мемлекеттік қызмет сапасының арнаулы индикаторлары, өмір сапасы, инвестиция тарту; Үкімет мүшелері үшін – интегралдық макроэкономикалық индикаторлар.

7-қадам.
Мемлекеттік қызметкерлердің ЛАУАЗЫМДЫҚ ЕҢБЕКАҚЫЛАРЫНА ӨНІРЛІК ҮЙЛЕСТІРУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН қосу

8-қадам.
Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ ҚЫЗМЕТТІК ПӘТЕРЛЕРДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БЕРУ.

9 - қадам.
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТУ – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру.

10 - қадам.
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАНСАПТЫҚ ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН КОНКУРСТЫҚ НЕГІЗГЕ КӨШУ. «Б» корпусының жоғары лауазымдарына жылжыту төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер қатарынан тек қана конкурстық негізде жылжыту есебінен меритократия қағидатын нығайту.

11- қадам.
ШЕТЕЛДІК МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ, ЖЕКЕМЕНШІК СЕКТОРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МАМАНДАРЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке жіберу. Оларды тағайындау ерекше талаптар және лауазымдардың жеке кестесі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл қадам мемлекеттік қызметті ашық және бәсекеге қабілетті жүйе етеді.

12 - қадам.
ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ. Мемлекеттік қызметтің жаңа Этикалық кодексін жасау. Этика мәселелері жөніндегі уәкілетті өкіл лауазымын енгізу.

13 - қадам.
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру.

14 - қадам.
Барлық мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлеріне қатысты МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ қабылдау.

15 - қадам.
Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін ІС БАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КЕШЕНДІ АТТЕСТАТТАУДАН өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу.

II. ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

16 - қадам.
АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН СОТ ЖҮЙЕСІ ИНСТАНЦИЯЛАРЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ.
БЕС САТЫЛЫ СОТ ЖҮЙЕСІНЕН (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) ҮШ САТЫЛЫ (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу.

17 - қадам.
Судья лауазымына КАНДИДАТТАРДЫ ІРІКТЕУ ТЕТІКТЕРІН КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫН ҚАТАЙТУ.
Міндетті түрдегі талап – сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі. Кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілер жүйесін енгізу. Судьялыққа үміткерлер СОТТАРДА стипендия төленетін БІР ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН өтеді. Бір жылдық тағылымдамадан кейін судья БІР ЖЫЛДЫҚ СЫНАҚ МЕРЗІМІНЕН өтеді.

18 - қадам.
Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін СОТ ТӨРЕЛІГІ ИНСТИТУТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНАН бөлінуі керек. Аталмыш институт Жоғарғы Соттың жанында жұмыс істеп, қызмет бабындағы судьялардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз ететін болады.

19 - қадам.
СУДЬЯЛАРДЫҢ ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІН КҮШЕЙТУ. СУДЬЯЛАРДЫҢ ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы СОТ АЛҚАСЫНА шағымдана алатын болуы керек.

20 - қадам.
БАРЛЫҚ СОТ ПРОЦЕСТЕРІНЕ БЕЙНЕ ЖӨНЕ ТАСПАҒА ЖАЗУ ШАРАЛАРЫН міндетті түрде енгізу. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс.

21 - қадам.
Алқа билер соты қолданылатын салаларды кеңейту. Заңды түрде АЛҚА БИЛЕР СОТЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАТЫСТЫРЫЛАТЫН қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажет.

22 - қадам.
АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫН ШЕКТЕЙТІН БАРЛЫҚ ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІЛІКТІ тергеу судьясына біртіндеп беруді ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АРҚЫЛЫ СОТТА АЙЫПТАЛУШЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

23 - қадам.
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАУЛАР БОЙЫНША жеке СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ құру. Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.

24 - қадам.
Дубай тәжірибесі бойынша Астана қаласында АІҒС ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖДЫҚ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ.

25 - қадам.
Шетелдік және халықаралық соттардың ҮЗДІК СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖОҒАРҒЫ СОТ ЖАНИНАН БЕДЕЛДІ ШЕТЕЛДІК СУДЬЯЛАР МЕН ЗАҢГЕРЛЕР қатысатын халықаралық кеңес құру. Кеңес қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Жоғарғы Сотқа кеңес беріп отырады.

26 - қадам.
Сот рәсімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫН қысқарту. Азаматтық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгертулер енгізу.

27 - қадам.
Жекеменшік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту. СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН БІРТІНДЕП ҚЫСҚАРТУ.

28 - қадам.
Полиция қызметкерлерін ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTY. Кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін іс басындағы полиция қызметкерлерін және қызметкерлікке кандидаттарды тестілеудің арнайы жүйесін енгізу.

29 - қадам.
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСУ.


Әрбір құқық қорғау қызметінің ведомстволық ерекшеліктеріне сәйкес бірыңғай қызмет ету ережесін енгізу.

30 - қадам.
Жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН құру. Жергілікті полиция қызметінің өкілеттілігі: қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, ұсақ құқық бұзушылыққа атымен төзбеушілік.

Жол-бақылау полициясының қызметкерлері полиция қызметкерлерінің жұмыс ауысымы кезінде атқарған ісінің барлығын жазып отыратын бейнетіркегіштермен қамтамасыз етіледі.

31 - қадам.
Этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне ШАҒЫМДАНҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ АРЫЗЫН ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ полицияның ашықтығын қамтамасыз ету. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ МӨРТЕБЕСІМЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТІЛЕТІН БОЛАДЫ.

32 - қадам.
«Қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде



«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ КАРТАСЫ» интернет-порталын құру. Бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. Бұл ҚОҒАМҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

33 - қадам.
Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыпқа келтіру. Осындай азаматтар үшін АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫҢ КЕШЕНДІ СТРАТЕГИЯСЫН жасау.

34 - қадам.
МЕМЛЕКЕТ-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІК-ТЕСТІГІН ДАМУЫ ШЕҢБЕРІНДЕ пени-тенциярлық инфрақұрылымды жаңғырту. Пенитенциярлық мекемелерді салуға, ұстауға және басқаруға жекеменшік секторды тарту жөнінде ұсыныстарды екшеу және халықаралық тәжірибені зерттеу.

III. ИНДУСТРИЯ-ЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

35 - қадам.
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІН тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу. ЖЕР КОДЕКСІНЕ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЗАҢ АКТИ-ЛЕРІНЕ өзгерістер енгізу.

36 - қадам.
ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ТҮРІН ӨЗГЕРТУГЕ РҰҚСАТ АЛУ рәсімдерін жеңілдету.

Ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу. Барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒА БЕРУ.

37 - қадам.
Салық және кеден саясатын және рәсімдерін оңтайландыру. ТН СЭҚ 6 белгісіндегі біркелкі тауарлар тобы шеңберінде «0-5-12» моделі бойынша Бірыңғай кеден тарифі кедендік мөлшерлемесін қысқарту.


38 - қадам.
Экспорттық және импорттық кеден рәсімдерінен өту кезінде «БІР ТЕРЕЗЕ» қағидатын енгізу. Электронды жария ету жүйесін дамыту (тауарларды кедендік тазалауға автоматтандырылған жүйені енгізу).

Экспорт және импорт үшін құжаттар са-нын және оларды өңдеу уақытын қысқарту.

39 - қадам.
КЕДЕН ЖӘНЕ САЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ. Тауар салық салу мақсатында Қазақстан аумағына кірген кезеңнен бастап оны сатқанға дейін бақылауға алынады.

6 — Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет — № 20 (22) 22 мамыр 2015 жыл

100 НАҚТЫ ҚАДАМ



40 - қадам. «ПОСТФАКТУМ» КЕДЕНДІК ТАЗА- ЛАУ РЕЖІМІНЕНГІЗУ.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы жекелеген санаттарға тауарларын жария еткенше тауарларын шығаруға мүмкіндік беру.

41 - қадам. МҮЛІКТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫНЫ ЗАҢДАС- ТЫРУ РЕСІМДЕРІН ОҢАЙЛАТУ.

Қолданыстағы заңға өзгертулер және толықтырулар енгізу.

42 - қадам. 2017 жылдың 1 қаңтарынан мем- лекеттік қызметкерлер үшін, одан әрі барлық азаматтар үшін КІРІСТІ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫ ЖАЛПЫ ЖАРИЯЛАУДЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ЕНГІЗУ.

43 - қадам. САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯЛАРЫН ҚА- БЫЛДАУ ЖӘНЕӨНДЕУДІҢ ОРТАЛЫҚ ЖЕЛІСІН ҚҰРУ.

Орталық салық төлеуші-лердің элек-
тронды құжаттарының бірыңғай мұра-
ғатына кіру мүмкіндігіне ие болады.
ТӨУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ жүйесін енгізу.

Декларанттар салықты бақылау бой-
ынша шешім қабылдау үшін тәуекел са-
наттарына бөлінетін болады. Жариялауды
бірінші рет тапсырған жеке тұлғалар үш
жыл мерзімде қайта тексерістен өтпейтін
болады.

44 - қадам. ЖАНАМА САЛЫҚ САЛУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.

Қосымша құн салығының орнына са-
тудан салық алуды енгізу мәселесін жан-
жақты зерттеу.

45 - қадам. Кіріске және шығысқа салық есебін міндетті түрде енгізу арқылы ҚОЛДАНЫС- ТАҒЫ САЛЫҚ РЕЖІМІН ОҢТАЙЛАНДЫ- РУ.

46 - қадам. Рұқсат алуды оңтайландыру. ҚҰРЫ- ЛЫСҚА РҰҚСАТ АЛУДЫҢ ҮШ САТЫЛЫ («30-20-10») қағидаты енгізіледі. Бірінші саты – архитектуралық жобалау тапсыр- масын беру өтініш берілген күннен кейін 30 күн ішінде жүзеге асырылады. Екінші – эскиз жобаны (дизайн-жобаны) мақұлдау – 20 күнге дейін, үшінші – рұқсаттың өзі – 10 күн ішінде.

47-қадам. Жобалау-сметалық және жобалау құ- жаттарын сараптамадан өткізуге байла- нысты МЕМЛЕКЕТТІК МОНОПОЛИЯДАН БІРТІНДЕП БАС ТARTY.

Жобаларды сараптауды бәсекелесті
ортаға тапсыру.

48-қадам. ҚҰРЫЛЫСТЫҢ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫН АНЫҚТАУДЫҢ РЕСУРСТЫҚ ӘДІСІН ЕН- ГІЗУ.

Құрылыста баға қалыптастырудың
жаңа әдісін енгізу материалдардың,
бұйымдардың, жабдықтардың және
еңбекақының қолданыстағы бағаға сәйкес
нақты нарықтық бағасына байланысты
құрылыстың сметалық құнын анықтауға

мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа ма-
териалдармен, жабдықтармен және тех-
нологиямен сметалық-нормативтік базаны
жедел жаңартуды қамтамасыз етеді.

49 - қадам. Кеңестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЕСКІРГЕН НОРМАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ОР- НЫНА ЕУРОКОДТАР ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ.

Жаңа нормативтерді қабылдау инно-
вациялық технологиялар мен материал-
дарды қолдануға, құрылыс қызметі нары-
ғындағы қазақстандық мамандардың
бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, со-
нымен бірге құрылыс саласындағы
шетелдік қызмет нарығына қазақстандық
компаниялардың шығуына мүмкіндік
береді.

50 - қадам. ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫН ҚАЙТАДАН ҚҰРУ, «БІРЫҢҒАЙ САТЫП АЛУШЫ» МОДЕЛІН ЕНГІЗУ.

Бұл өңірлер арасындағы электр энер-
гиясының өртүрлі тарифтерін реттеуге
мүмкіндік береді.

51- қадам. ӨНІРЛІК ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПА- НИЯЛАРДЫ (ӨЭК) ІРІЛЕНДІРУ.

Бұл энергиямен қамтамасыз етудің
сенімділігін арттырады, өңірлерге
электр энергиясын таратудың шығынын
төмендетеді, тұтынушылар үшін электр
энергиясының ақысын азайтады.

52 - қадам. ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ СЕКТО- РЫНДА САЛАҒА ИНВЕСТИЦИЯ TARTY- ДЫ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ЖАҢА ТАРИФ САЯСАТЫН ЕНГІЗУ.

Тариф құрылымын өзгерту. Тариф-
терде 2 құрауыш ерекшеленеді: күр-
делі шығындарды қаржыландыру және
электр энергиясы өндірісінің ауыспалы
шығындарын жабу үшін пайдаланыла-
тын электр энергиясы үшін төленетін
ақы белгіленетін болады. Бұл «шығынды
өтеу» әдісі бойынша тарифтерді бекітетін
қазіргі ахуалды өзгертуге мүмкіндік береді.

53-қадам. ЭЫДҰ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС- ТЕНДІРУ МАҚСАТТАРЫНДА МОНОПО- ЛИЯМЕНҚЫЗМЕТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҰ- ЖЫРЫМДАРЫН ӨЗГЕРТУ.

Қызметті жаңғырту еркін бәсекелесті
дамытуға бағытталуға тиіс.

54 - қадам. КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҮШІН БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ.

Жаңа институттың құрамына бизнестің
және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының
өкілдері кіреді.

55 - қадам. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕМДІК НАРЫҚ- ҚА ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ТАУАР- ЛАРЫ ҮШІН ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ ЕҢ КЕМІНДЕ 10 ТРАНСҰЛТТЫҚ КОМПАНИ- ЯНЫ TARTY.

Халықаралық экономикалық нысан-
дардың жаңа мүмкіндіктері туралы
халықаралық бизнесті ақпараттандыру.

56 - қадам. Экономиканың басым секторларында «зәкірлік инвесторлармен» – халықаралық стратегиялық серіктестермен («Эйр Астана», «Теңіз-Шевройл», ҚТЖ локомотивтерін шығару жөніндегі за- уыт үлгісі бойынша) БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР құру.

Шетелдерден жоғары білікті мамандар
тарту үшін АҚШ, КАНАДА, АВСТРАЛИЯ
ҮЛГІСІ БОЙЫНША ҚОЛАЙЛЫ КӨШІ-
ҚОН РЕЖІМІН қалыптастыру.

57 - қадам. ТУРИСТІК КЛАСТЕРЛЕР ҚҰРУДА ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕСІ БАР стратегиялық (зәкірлік) инвесторлар тарту.

58 - қадам. ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ЖӨ- НІНДЕ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОР қалып- тастыру үшін стратегиялық (зәкірлік) инве- сторлар тарту.

59 - қадам. МОЙЫНДАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГОСЕРВИСТІК ШАРТТАР АРҚЫЛЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ САЛАСЫНА СТРА- ТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕТОРЛАР TARTY.

Олардың негізгі міндеті: жеке шығын-
дарын өтей отырып, энергия үнемдеу
саласында кешенді қызмет көрсету үшін
жекеменшік энергия сервистік ком-
панияларды дамытуды ынталандыру және
іс жүзінде энергетикалық шығындарды
үнемдеуден қаржылай пайда табу.

60 - қадам. СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІН ДАМУЫ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕ- СТОРЛАР TARTY.

Негізгі міндет: үш жыл мерзімде ТМД
елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің
жартысына дейінгі экспортын қамтамасыз
ету. Жұмыс селода кооперативтік өндірісті
дамыту арқылы жаңазеландиялық Fron-
terra және даниялық Arla үлгісімен ұйым-
дастырылды.

61-қадам. ЕТ ӨНДІРІСІ МЕН ӨНДЕУДІ ДАМУЫ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕТОРЛАР- ДЫ TARTY. Негізгі міндет шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорт- тау.

62 - қадам. Экономиканың шикізаттық емес сала- ларындағы орта бизнестің нақты көш- басшы компанияларын қолдауға бағыт- талған «ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАР» БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.

Бизнес-көшбасшыларды айқындау
ноу-хау трансфері үшін біліктілік орталық-
тарын құру мүмкіндігін береді.

63 - қадам. ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЭКОНО- МИКАНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ЕКІ ИННО- ВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕРДІ ДАМУЫ. НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТТЕ «АСТА- НА БИЗНЕС КАМПУСТА» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ЗЕРТХАНАЛАР ОРНАЛАСТЫРЫЛАДЫ.

Олар бірлескен ғылыми-зерттеу жоба-
ларын және тәжірибелік-конструкторлық
жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ, олар-
ды коммерцияландыруға қызмет етеді.
Нақты өндірістік жобаларды жүзеге асыру
үшін инновациялық технологиялар паркі
жергілікті және шетелдік жоғары техноло-
гиялы компанияларды тартатын болады.

64 - қадам. ӨНДІРІСКЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАРЖЫ- ЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІ бар «Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қыз- мет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң әзірленеді. Ғылыми грант- тармен бағдарламалар құрылымдары индустриялық-инновациялық даму мем- лекеттік бағдарламасының қажеттілігіне орай қайта бағытталады.

65 - қадам. ҚАЗАҚСТАНДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨ- ЛІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ АҒЫМДАРҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ.

«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТРАНСКОНТИНЕН-
ТАЛДЫҚ ДӘЛІЗ» МУЛЬТИМОДЕЛДІК
КӨЛІК ДӘЛІЗІН ҚҰРУ жөніндегі жобаны
іске қосу. Ол Азиядан Еуропаға жүктер
транзитін кедергісіз жүзеге асыруға
мүмкіндік береді. Көлік дәлізі: бірінші бағыт
– Қазақстан аумағы арқылы Ресей Феде-
рациясына және одан әрі Еуропаға өтеді.
Екінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы
Қорғастан Ақтау портына дейін, одан әрі
Каспий теңізі мен Өзербайжан, содан соң
Грузия арқылы. Жобаға болашақта 2014
жылдың аяғында құрылған Азия инфра-
құрылымдық инвестициялар банкіні тарту.

66 - қадам. Халықаралық авиациялық хаб құру. Стратегиялық инвесторды тарту арқылы Алматы іргесінен ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҢА ӘУЕЖАЙ салынатын болады.

67 - қадам. «ЭЙР АСТАНА» ӘУЕ ТАСЫМАЛДАУ- ШЫ ЖӘНЕ «ҚТЖ» ҰЛТТЫҚ КОМПА- НИЯЛАРЫН ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОПЕРАТОР РЕТІНДЕ ДАМУЫ. «Эйр

Астана» халықаралық бағыттарға ыңғай-
ластырылады және әлемнің негізгі қаржы
орталықтарына (Нью-Йорк, Токио, Син-
гапур) жаңа бағыттар ашады. «Эйр
Астананың» дамуы «ҚТЖ»-ның баламалы
маршруттарды дамыту жөніндегі жоспа-
рымен үйлестіріледі, бұл жүктерді жеткізу
құнын екі еседен астам төмендетуге
мүмкіндік береді.

68 - қадам. Қазақстан арқылы әуе транзитінің тартымдылығын арттыру үшін ӘУЕ ТАСЫ- МАЛЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТИІМ- ДІЛІГІН жақсарту. Азаматтық авиация комитетінің қызметі британ азаматтық ави- ациясы мемлекеттік агенттігінің және ЕО авиация қауіпсіздігі агенттігінің үлгілеріне бағдарланатын болады.

69 - қадам. Астананы зерттеушілерді, студент- терді, кәсіпкерлерді, барлық өңірлерден туристерді тартатын ЕУРАЗИЯНЫҢ ІСКЕРЛІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫРУ. Мұнымен бірге қалада әуежайдың жаңа терми- налын қоса алғанда, қазіргі замандық халықаралық көліктік-логистикалық жүйе құрылады.

70 - қадам. ASTANA EXPO – 2017 инфра- құрылымдары арқауында АРНАУЛЫ МӘРТЕБЕ БЕРЕ ОТЫРЫП, АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫН (AIFC) ҚҰРУ. Қаржы орталығының ерек- ше заңды мәртебесін Конституция- да бекіту. Орталықтың ТМД, сондай- ақ, Батыс және Орталық Азияның барлық өңірлерінің елдері үшін ҚАРЖЫ ХАБЫ ретінде қалыптастыру. ӨЗІНДІК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БАР ТӘУЕЛСІЗ СОТ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ, ол ағылшындық құқық қағидадарымен қызмет істейтін болады.

Судьялар корпусы шетелдік маман-
дардан құрылады.

БОЛАШАҚТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАР- ЖЫ ХАБЫ ӘЛЕМНІҢ 20 АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНУІ ТИІС.

71 - қадам. Қаржы орталығының даму стратегия- сын КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ- ЛАНДЫРУ мамандығына сәйкес әзірлеу. Элиталық қаржы қызметінің жаңа түрлерін, соның ішінде private banking активтерді басқару саласындағы қызметтерді дамы- ту. Орталыққа либералды салық режимін енгізу. Офшорлық қаржылық орталық құрылуы мүмкін. Дубайдың үлгісі бойын- ша инвестициялық резиденттік қағидатын енгізу.

72 - қадам. Қаржы орталығы аумағында рес- ми тіл ретінде ағылшын тілін енгізу. Орталықтың дербес заңдылықтары АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖАСАЛЫНУЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ тиіс.

73 - қадам. Қаржы орталығының халықаралық көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету. Қаржы орталығының ЖЕТЕКШІ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫМЕН ЖҮЙЕЛІ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ жүйесін құру.

74 - қадам. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ҚОРЫ ЖӨ- НІНДЕ ЕСЕП БЕРУДІН CRIRSCO ХАЛЫҚ- АРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ арқылы жер қойнауларын пайда- лану саласының мөлдірлігі мен болжам- дылығын арттыру.

75 - қадам. Пайдалы қазбалардың барлық түрлері үшін үздік әлемдік тәжірибені пайдала- на отырып, КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСҮДЫҢ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛҒАН ӘДІСІН енгізу.

76 - қадам. ЭЫДҰ елдері стандарттарының негі- зінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ кезең- кезеңімен ЕНГІЗУ, функциялық сауат- тылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сынып- тарда жанбасылық қаржыландыруды

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

77 - қадам.

Экономиканың алты негізгі саласы үшін **ОН АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ КОМПЛЕДЖ БЕН ОН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА** білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарына тарату.

78 - қадам.

Назарбаев Университеті тәжірибесін ескере отырып, **ЖОО-ЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУ-ШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН** кезең-кезеңімен кеңейту. Коммерциялық емес ұйымдардағы жекеменшік ЖОО-ларын халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау.

79 - қадам.

Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – **ДАЯРЛАНАТЫН КАДРЛАРДЫҢ БӘСКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ СЕКТОРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ.**

80 - қадам.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ.

Мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек аурудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталықбуынына айналады.

81 - қадам.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕДИЦИНАНЫ ДАМУ, МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ.

Бәсекелестік есебінен қызметтің қолжетімділігі мен сапасын көтеру мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайындағы бастапқы медициналық әлеуметтік көмекті қаржыландыру – бәсеке есебінен медициналық ұйымдардың корпоративтік басқару қағидаттарына көшуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді ынталандыру, мемлекеттік емес ұйымдар арқылы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін беруді кеңейту.

82 - қадам.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚАСЫНАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ.

Басты мақсат: медициналық қызмет көрсетудің алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізу (емдеу хаттамалары, кадрлар әзірлеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сапаны және қолжетімділікті бақылау).

83 - қадам.

Еңбек қатынастарын ырықтандыру. Жаңа **ЕҢБЕК КОДЕКСІН** әзірлеу.

84 - қадам.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ОНЫҢ АТАУЛЫ СИПАТЫН КҮШЕЙТЕ ОТЫРЫП, ОҢТАЙЛАНДЫРУ.

Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін болады. Кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тек олардың еңбекке ықпал ету және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатысуы жағдайында ғана берілетін болады.

IV. БІРТЕКТІЛІК ПЕН БІРЛІК

85-қадам.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» патриоттық актісі жобасын әзірлеу.

86 - қадам.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ»

КЕҢ КӨЛЕМДІ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. Бұл барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегенде) және «Астана – Еуразия жүрегі», «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер», «Алтай інжулері», «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Каспий қақпасы» өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асырумен байланыстырылады.

87 - қадам.

Азаматтық біртектілікті нығайтудың **«МЕНИҢ ЕЛІМ»** ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, оның аясында технологиялық жобалар серияларын іске асыру қарастырылатын болады. Соның бірі – **«ҚАЗАҚСТАН ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ» КЕҢ КӨЛЕМДІ ИНТЕРНЕТ ЖОБАСЫН ҚҰРУ. МҮНДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТ – ӘРБІР АЗАМАТҚА ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТУРИСКЕ ЕЛ ТУРАЛЫ КӨБІРЕК БІЛУГЕ КӨМЕКТЕСУ.** Порталға Қазақстан бойынша 3D бейне турлары, елдің тарихы мен мәдениеті, қызықты оқиғалары және қарапайым қазақстандықтардың өмірі туралы ақпараттар орналастырылады. Портал бір есептен елдің «сапарнама карточкасына», ұлттық жол көрсетушісіне, қызықты азаматтар үшін ұлттық құрмет тақтасына және виртуалды хабарласу тұғырнамасына айналады.

88 - қадам.

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру, ол **«НҰРЛЫ ЖОЛ»** инфрақұрылымдық даму, **ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ** екінші бесжылдығы бағдарламаларын, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік саясаттың арқасында еңбек, кәсіпкерлік, ғылым мен білім және басқа да кәсіптік қызметтерде жоғары нәтижелерге қол жеткізген қазақстандықтардың (біздің заманымыздың батырларының) табыстарының дербес тарихын ескере отырып, **ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ ИДЕЯЛАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУГЕ**, индустрияландырудың және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың мемлекеттік саясаты талаптарына жауап бере алатын жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдылығын насихаттауға бағытталады.

89 - қадам.

«НҰРЛЫ БОЛАШАҚ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына **МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН** ЕНГІЗУ.

90 - қадам.

Бес институттық реформаны, сондай-ақ, БАҚ-тағы, интернеттегі, бұқаралық ақпараттың жаңа буындарындағы, сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі қазақстандық біртектілік идеяларын жүзеге асыруды **АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТУ ЖӘНЕ ІЛГЕРІЛЕТУ.**

V. Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру

91 - қадам.

Мониторингтің, бағалау мен бақылаудың стандартталған және азайтылған ресімдері аясында **МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАН НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУҒА КӨШУ.** Тәртіптік бақылау жүйесі тек қана мақсатты индикаторларға қол жеткізуді бақылауға негізделуі тиіс. **РЕСІМДІК СИПАТТАҒЫ БАРЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР МЕН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТАРАТЫЛАТЫН БОЛАДЫ.**

Мемлекеттік органдарға олардың алдына қойылған мақсаттық индикаторларға қол жеткізу жөніндегі қызметінде дербестік беріледі.

92 - қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУДЫҢ ҰҚШАМ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ.

Жекелеген салалық бағдарламалардың мемлекеттік бағдарламаларға интеграциялануымен **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР САНЫН ҚЫСҚARTY. САЛАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР**, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ ЖОЙЫЛАДЫ. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР** мен аумақтық даму бағдарламасын негізгі мақсатты индикаторлар бөлігінде **ҚАЙТА ПІШІНДЕУ.**

93 - қадам.

АУДИТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІН енгізу. Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау үш жылда бір рет жүргізілетін болады. Мемлекеттік органдардың нәтижелілігін бағалау стратегиялық жоспарлар бойынша жылма-жыл жүзеге асырылады. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылдау. Есеп комитеті бірінші сыныпты әлемдік аудиторлық компаниялардың модельдері бойынша жұмыс істейтін болады және ағымдық операциялық бақылаудан кетеді.

94 - қадам.

«Ашық үкіметті» енгізу. **АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ӘЗІРЛЕУ**, ол мемлекеттік органдар иелігіндегі тек мемлекеттік құпия мен заңмен қорғалатын басқа да ақпараттардан өзге кез келген ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етеді.

95 - қадам.

Мемлекеттік органдар басшыларының халық алдында **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕНДІГІ ТУРАЛЫ ЖЫЛ САЙЫҢҒЫ АШЫҚ БАЯНДАМАЛАР ЖАСАУЛАРЫН** және олардың есептерін ресми веб-сайттарда орналастыруды тәжірибеге енгізу.

Ұлттық ЖОО-лар басшыларының өз қызметтері туралы оқушылар, жұмыс берушілер, қоғам өкілдері мен БАҚ алдында жылма-жыл есеп берулерін тәжірибеге енгізу.

96 - қадам.

ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЗАЛАРЫ мәліметтеріне **ОНЛАЙН-қолжетімділікті** қамтамасыз ету.

Барлық бюджеттік және топтас-тырылған қаржылық есеп, сыртқы қаржы аудитінің нәтижелері, мемлекеттік саясат тиімділігін бағалау қорытындылары, мемлекеттік қызметтің сапасын қоғамдық бағалау нәтижелері, республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есеп **ЖАРИЯЛАНАТЫН БОЛАДЫ.**

97 - қадам.

Өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы **АЗАМАТТАРДЫҢ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУ** мүмкіндігін кеңейту.

МЕМЛЕКЕТКЕ ТӨН ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ БӘСКЕЛЕСТІК ОРТАҒА және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру. Үкімет мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді қысқарту есебінен неғұрлым ықшам бола түседі.

98 - қадам.

Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде **ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІ ЕНГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ.** Облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейді.

99 - қадам.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ӘКІМДЕР ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ стратегиялық жоспарлар



мен аумақтық даму бағдарламаларын; бюджеттерді, есептерді, мақсатты индикаторларға қол жеткізуді, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер жобаларын; бағдарламалық құжаттар жобаларын талқылау бөлігіндегі рөлдерін күшейту. **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ** мен мәртебесін заңмен бекіту, мемлекеттік шешімдерді қабылдау ашықтығын арттыру.

100 - қадам.

Канададағы Canada Service және Австралиядағы Centrelink үлгісі бойынша **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ ПРОВАЙДЕРІНЕ АЙНАЛАТЫН «АЗАМАТТАР ҮШІН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫН** құру.

Мемлекеттік корпорация халыққа қызмет көрсететін барлық орталықтарды бір жүйеге интеграциялайды.

Қазақстан азаматтары **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ БІР ЖЕРДЕН** алатын болады. Мемлекеттік қызметті **САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ISO 9000 СЕРИЯСЫНА СӘЙКЕС** халықаралық сертификаттау.

ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

- Ел Президенті жанынан жедел түрде құрамы отандық және шетелдік сарапшылардан тұратын, **БЕС ЖҰМЫС ТО-БЫНАН** жасақталған жаңғырту жөніндегі **ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ** құрылды.

- Ұлттық комиссия **БЕС ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМАНЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ОРЫНДАУДЫ КЕЛІСІЛГЕН БАСҚАРУ** бойынша жүзеге асыруы тиіс. Ол мемлекеттік органдардың, бизнес-сектор мен азаматтық қоғамның өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етеді.

- Ұлттық комиссия **ТҰЖЫРЫМ-ДАМАЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАП, ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НАҚТЫ ЖОСПАРЫН АЙҚЫНДАУЫ** тиіс.


Оның ұсыныстары ел Президенті тарапынан бекітілетін болады. Бекітілген шешімдерді орындау үшін жедел түрде **ПАРЛАМЕНТ ТАРАПЫНАН ЗАҢДАР, ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ҚАУЛЫЛАР ҚАБЫЛ-ДАНАТЫН БОЛАДЫ.**

- Министрлер мен әкімдердің шешуші бастамаларын тиімді жүзеге асырулары **ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ТАРАПЫНАН ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНАТЫН** болады.

- Ұлттық комиссия жанынан **БЕДЕЛДІ ШЕТЕЛДІК САРАПШЫЛАР ҚАТАРЫНАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС** жасақтау қажет. Аталған кеңес ұсынымдар жасап, реформаларды орындау **НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ЖҮЙЕЛІ МОНИТОРИНГІН** жүзеге асыратын болады.

- Ұлттық комиссияның жұмыс органы етіп **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ КЕҢСЕСІН** аяқындау қажет.

(Соңы. басы 5-бетте)



Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы «9» сәуірдегі № 14/4 қаулысымен бекітілді

«Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

Жалпы ережелер

1. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің шеңберінде Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің аумағында жер қатынастары саласында мемлекеттік реттеуді және басшылықты іске асыратын мемлекеттік орган болып табылады.
2. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде ведомстволар жоқ.
- 3.«Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.
5. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік орган басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

Ресми бөлім

№ 20 (22) 22 мамыр 2015 жыл

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 14/4 қаулысы

Қарағанды облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 14 мамырда № 3202 болып тіркелген

«Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Жарлығына сәйкес, Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қоса беріліп отырған «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. А. Есмұрзаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. СҰЛТАНОВ

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101404, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 6-ықшамаудан, 14.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: мемлекеттік тілде: «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі; орыс тілінде: государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау».

11. Осы Ереже «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы болып жерлерді тиімді пайдалану үшін жағдай жасау, жер қатынастарын реттеу саласында біріңғай мемлекеттік саясат жүргізу, сондай-ақ Теміртау қаласы мен Ақтау кенті топырақтарының құнарлылығын жақсарту және сақтауға бағытталған қызметтерді ұйымдастыру келеді.

15. Негізгі міндеттері:

- 1) жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу;
- 2) шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 3) жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге құқықтарын қорғау;
- 4) жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту.
16. Функциялары:
 - 1) иесі жоқ жер учаскелерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
 - 2) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
 - 3) жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;
 - 4) жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлауға байланысты

мақсаттары үшін жер учаскелерін беру жөніндегі атқарушы органның ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

5) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

6) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

7) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

8) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

9) жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

10) елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

11) жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

12) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, қалалық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

13) қаланың жер балансын жасау;

14) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

15) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын беру;

16) жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 71-бабына сәйкес іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға жергілікті атқарушы органының рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

18) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

19) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерлерді анықтау;

20) жерді резервке қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

21) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;

22) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері: мемлекеттік органға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан және жеке тұлғалардан қажетті ақпараттарды сұрауға және алуға;

өз құзіреттілігі шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға;

өз функцияларын орындау үшін қажетті басқа да әрекеттерге құқықтары бар;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау.

Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесін басқаруды «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын қызметке қала әкімі тағайындайды және қызметтен босатады.

20. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесі мен құрылымын, сонымен қатар оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлейді және қала әкімдігіне бекітуге ұсынады;

2) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жалпы жедел басқаруды іске асырады, оның қызметінің ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады, құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді және бақылайды, «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мамандары мен басқа жұмысшыларының жұмысын ұйымдастырады және оған бақылауды іске асырады;

3) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының, мамандары мен басқа жұмысшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

4) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіндегі ішкі еңбек тәртібінің ережелерін бекітеді, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуына бақылау жүргізеді;

5) әкім мен әкімдік құзыретінің шектерінде құқықтық актілердің, «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметіне қатысты басқа қызметтік құжаттардың жобаларын қала әкімі мен әкімдігінің бекітуіне әзірлейді және ұсынады;

6) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін сотта, мемлекеттік органдар және басқа ұйымдармен, жеке тұлғалармен қарым-қатынастарда өз өкілеттілігі шегінде қорғайды;

7) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген ету мәселелері бойынша қала әкімі аппаратымен, қалалық мәслихатпен, Ақтау кенті әкімінің аппаратымен, қалалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдармен, Қарағанды облысының әкімдігімен, оның құрылымдық бөлімшелерімен, қала мен облыс аумағында қызмет ететін Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының

аумақтық бөлімшелерімен, саяси партиялар мен қозғалыстармен, үкіметтік емес ұйымдармен және қала жұртшылығымен тұрақты байланысты қамтамасыз етеді;

8) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің мәселелері бойынша қала әкімі жанындағы кеңесулерді, әкімдіктің, кеңесу-ақылдасу органдардың отырыстарын, жалпы қалалық қоғамдық-саяси іс-шараларды дайындауды қамтамасыз етеді;

9) «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын ұйымдастырады, олармен тұрақты өзара іс-қимыл жүргізеді, оларды тиісті жобалар мен бағдарламалардың әзірленуі, қабылдануы және орындалуы, жер қатынастары саласындағы қала үшін көкейкесті мәселелердің шешілу жолдары мен шаралары туралы ақпараттандыруды іске асырады;

10) өзіне заңнамамен және осы Ережемен жүктелген басқа да функцияларды және өкілеттіктерді іске асырады.

«Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

Мемлекеттік органның мүлкі

21. Заңнамада көзделген жағдайларда «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

«Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған басқа тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. «Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.

Постановление акимата города Темиртау
Карагандинской области от 9 апреля 2015 года № 14/4

Зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской области 14 мая 2015 года № 3202

Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау»

В соответствии со статьями 31,37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении в Республике Казахстан», Указом Президента Республики Казахстан от 29 октября 2012 года № 410 «Об утверждении Типового положения государственного органа Республики Казахстан», акимат города Темиртау **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Утвердить прилагаемое к настоящему постановлению Положение государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау».
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города А. А. Есмурзаева.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким города

Н. СУЛТАНОВ

Утверждено
постановлением акимата
города Темиртау
от «9» апреля 2015 г.
№ 14/4

Положение государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау»

Общие положения

1. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» является государственным органом, осуществляющим в пределах своей компетенции государственное регулирование и руководство в сфере земельных отношений на территории города Темиртау и поселка Актау.

2. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» не имеет ведомств.

3. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законодательством Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

4. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, а также в соответствии с законодательством счета в органах казначейства.

5. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

6. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

7. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя государственного органа и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

8. Структура или штатной численности государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» утверждаются в соответствии с действующим законодательством.

9. Местонахождение юридического лица: 101404, Карагандинская область, город Темиртау, 6 микрорайон, 14.

10. Полное наименование государственного органа: на государственном языке: «Темиртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау».

11. Настоящее Положение является учредительным документом государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау».

12. Финансирование деятельности государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» осуществляется из местного бюджета.

13. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений города Темиртау» запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау».

Если государственному учреждению «Отдел земельных отношений города Темиртау» законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета.

Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности государственного органа

14. Миссия государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» заключается в создании условий для эффективного использования земли, проведение единой государственной политики в области регулирования земельных отношений, а также организации деятельности, направленной на сохранение и улучшение плодородия почв города Темиртау и поселка Актау.

15. Основные задачи:

1) регулирование земельных отношений в целях обеспечения рационального использования и охраны земель, воспроизводства плодородия почв, сохранения и улучшения природной среды;

2) создание условий для равноправного развития всех форм хозяйствования;

3) охрана прав на землю физических и юридических лиц и государства;

4) укрепление законности в области земельных отношений.

16. Функции:

1) выявление бесхозных земельных участков и организация работы по постановке их на учет;

2) реализация государственной политики в области регулирования земельных отношений;

3) подготовка предложений и проектов решений местного исполнительного органа по предоставлению земельных участков и изменению их целевого назначения;

4) подготовка предложений и проектов решений местного испол-

нительного органа по предоставлению земельных участков для целей недропользования, связанных с государственным геологическим изучением недр и разведкой;

5) подготовка предложений по принудительному отчуждению земельных участков для государственных нужд;

6) определение делимости и неделимости земельных участков;

7) утверждение кадастровой (оценочной) стоимости конкретных земельных участков, продаваемых в частную собственность государством;

8) организация проведения землеустройства и утверждение землеустроительных проектов по формированию земельных участков;

9) организация разработки проектов зонирования земель, проектов и схем по рациональному использованию земель города;

10) организация разработки проектов земельно-хозяйственного устройства территорий населенных пунктов;

11) организация проведения земельных торгов (конкурсов, аукционов);

12) проведение экспертизы проектов и схем городского значения, затрагивающих вопросы использования и охраны земель;

13) составление баланса земель города;

14) ведение учета собственников земельных участков и землепользователей, а также других субъектов земельных правоотношений;

15) выдача паспортов земельных участков сельскохозяйственного назначения;

16) заключение договоров купли-продажи и договоров аренды земельного участка и временного безвозмездного землепользования и осуществление контроля за исполнением условий заключенных договоров;

17) подготовка предложений по выдаче разрешений местным исполнительным органам на использование земельных участков для проведения изыскательских работ в соответствии со статьей 71 Земельного Кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года;

18) подготовка предложений по переводу сельскохозяйственных угодий из одного вида в другой;

19) выявление земель, неиспользуемых и используемых с нарушением законодательства Республики Казахстан;

20) подготовка предложений по резервированию земель;

21) утверждение земельно-кадастрового плана;

22) другие функции в соответствии с действующим законодательством.

17. Права и обязанности:

запрашивать и получать от государственных органов, иных организаций и физических лиц информацию, необходимую для осуществления функций, возложенных на государственный орган;

в пределах своей компетенции подготавливать проекты нормативных правовых актов;

совершать прочие действия, необходимые для выполнения своих функций;

соблюдать требования действующего законодательства Республики Казахстан.

Организация деятельности государственного органа

18. Руководство государственным учреждением «Отдел земельных отношений города Темиртау» осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» задач и осуществление им своих функций.

19. Первый руководитель государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» назначается на должность и освобождается от должности акимом города.

20. Первый руководитель государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» имеет следующие полномочия:

1) разрабатывает и представляет на утверждение акимата города Положение и структуру государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау», а также изменения в них;

2) осуществляет общее оперативное руководство государственным учреждением «Отдел земельных отношений города Темиртау», организует информационно-аналитическое, организационно-правовое, материально-техническое и финансовое обеспечение деятельности, координирует и контролирует работу структурных подразделений, организует и обеспечивает контроль работы специалистов и других работников государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау»;

3) утверждает должностные инструкции руководителей структурных подразделений, специалистов и других работников государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау»;

4) утверждает правила внутреннего трудового распорядка в государственном учреждении «Отдел земельных отношений города Темиртау», контролирует исполнение законодательства о государственной службе;

5) организует разработку и представляет на утверждение акимата города проекты правовых актов в пределах компетенции акима и акимата, других служебных документов, касающихся деятельности государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау»;

6) без доверенности действует от имени государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» и представляет его интересы в суде, во взаимоотношениях с государственными органами и иными организациями, физическими лицами в пределах своих полномочий;

7) по вопросам деятельности государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» обеспечивает постоянную связь с аппаратом акима города, городским маслихатом, аппаратом акима поселка Актау, государственными органами, финансируемыми из городского бюджета, акиматом Карагандинской области, его структурными подразделениями, территориальными подразделениями центральных государственных органов Республики

Казахстан, осуществляющих деятельность на территории города и области, политическими партиями и движениями, неправительственными организациями и населением города;

8) обеспечивает подготовку по вопросам деятельности государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» совещаний при акиме города, заседаний акимата, консультативно-совещательных органов, общегородских общественно-политических мероприятий;

9) организует освещение деятельности государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» в средствах массовой информации, поддерживает с ними постоянное взаимодействие, осуществляет информирование о разработке, принятии и исполнении соответствующих планов и программ, путях и мерах решения актуальных для города вопросов в сфере земельных отношений;

10) осуществляет иные функции и полномочия, возложенные на него законодательством и настоящим Положением.

Исполнение полномочий первого руководителя государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

Имущество государственного органа

21. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» в случаях, предусмотренных законодательством, может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество.


Имущество государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.


22. Имущество, закрепленное за государственным учреждением «Отдел земельных отношений города Темиртау», относится к коммунальной собственности.

23. Государственное учреждение «Отдел земельных отношений города Темиртау» не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

Реорганизация и упразднение государственного органа

24. Реорганизация и упразднение государственного учреждения «Отдел земельных отношений города Темиртау» осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.





Отбасылық құндылық

№ 20 (22) 22 мамыр 2015 жыл



Шаттыққа толы шаңырақ


Халқымыз әкені асқар тауға балаған, алдын кесіп өтпеген. «Жұмақ ананың табанының астында» деп анасын сыйлаған, «бала бауыр етің» деп ұрпағына айрықша қамқорлықпен қараған қазақ қандай жаугершілікте де жетімін жылатпаған, жесір қаңғытпаған. Ана-анасын қарттар үйіне тапсыратын қатыгез ұрпақ, баласынан жерітін көкек ана ешқашан болмаған бізде. Бұл ұлттық дәстүрімізге қайшы, салтымызда жоқ әрекеттер. «Жастық шақта ата-анаңа не көрсетсең, қартайғанда ұрпағыңнан соны көресің» бұл халқымыздың өмірлік қағидасы, засырдан засырға мызғымаған отбасылық құндылықтардың негізі, ата-анаға құрметпен қарап, алаңсыз қарттық сыйлау, ұрпаққа қамқорлық жасау – әрбір адамның қасиетті борышы. Ал мұндай ізгі қасиеттер қайдан келеді, кім оны бойға дарытады бұл сұрақтарға әрине отбасынан, ата мен әжеден, әке мен шешеден дер едік.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дейді халқымыз, әулеттің ізгілікті жолын жалғастырған ұрпақ ең мерейлі ұрпақ. Біздің әңгімемізге арқау болып отырған кейіпкеріміз – Қалмағамбетовтер отбасы дәл осындай жануа. Олар жуырда өткен қалалық «Мерейлі отбасы» байқауында өздерінің ең адами қасиеттерін, асыл мұраттарын өнерімен, өнегесімен барша жұрттың алдына жайып салды. Көрген жұрт қызыққандай бұл отбасының иесі



Жеңіс

Қасылұлы құрылыста еңбек етеді, тағы бір мамандығы көпсалалы жүргізуші. Байқаудың өнбойында бір жасар ұлы Ерасылды көтеріп тұрған келбетінен, өзіне қойылған сауалдарға берген салиқалы жауабынан нағыз қазақ азаматына тән сабырлық, даналық, табандылық рухын танығандаймыз. Ал отаудың отанасы Рауна Дәулетханқызы Шәмекенова өзінің педагогтық қызметіне орай бала тәрбиесін де, жар мен үйдің күтімін де ұршықша үйіретін нағыз әйел екенін көрсете білді. Қыз анасына қарап бой түзейді, 4 сынып оқушысы Әнел мен 5 жастағы Томирис аналарымен қосыла үнді биін мың бұрала билеген кезде зал толы халықтың риза болмағаны кемде-кем. – Қалмағамбетовтер әулетінде Олжашы деген батыр аталары болған екен, кішкенебізді Ерасыл деп сондай бабаларына ұқсасын деген ниетпен үлкендер атады, – деп әңгімесін бастаған Раунаның ұстаздық мамандыққа әулеттің әдемі үрдісін жалғастыру мақсатында келгенін естіп білдік. Р.Шәмекенова Оңтүстік Қазақстан облысындағы Кентау қаласында Ыбырай Алтынсарин атындағы № 1 орта мектепті бітірген соң Қарағандыдағы университеттің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын Теміртаудағы № 24 кәсіптік мектепте бастады. Кейінірек қазір жұмыс істеп жүрген



Теміртау тамақ және сауда колледжіне ауысты. Оқу орнының тәрбие саласы өзіне жүктелгелі де үш-төрт жылға аяқ басты.

– Менің мұғалімдік мамандықты жақсы көруіме 40 жыл ұстаздық еткен Рысты әжемнің үлкен ықпалы болды. Ол кісі соғыс жылдары балаларды оқытқан, тыл еңбеккері, қазір жасы 95-ке таянды, бірақ әлі тың, қажырлы. Әкеммен бірге туысатын Рабиға апайым ұстаздық жолын мектептен бастап, жоғарғы оқу орнында жалғастыруда, ғылым докторы. Біз өзіміз бір үйде екі қызбыз, өзімнен үлкен апам Мағрипа да 17 жыл мұғалім болып еңбек еткен, қазір балалардың туристік орталығы директоры. Жолдасым жағынан да ұстаздық мамандықты өншілеген туысқандарымыз аз емес. Бақыт Қалмағамбетова апайымыз № 23 мектеп директоры, Сандұғаш деген қызымыз да мұғалімдік жолды таңдады. Жалпы бізді ұстаздар әулеті деп айтады. Себебі бір ғана отбасы маңайында оннан аса ұстаздар баланың бақытын баптаған жандар болып келеді, – дейді Рауна өзінің жұмысы жайында асқан сүйіспеншілікпен әңгімелеп.

– Халқымызда «келін ененің топырағынан жаратылады» деген нақыл сөз бар, сіздің отбасында да, жұмыста да бөріне үлгеруіңізге енеңіздің көмегі көп болар? – Иә, мен шынында да енеме – Рымкеш анама көп жағдайда ұқсаспын, жалпы жолдасымның ата-анасы Қарқаралының Абай ауылының тумалары. Әкеміз көп жыл бухгалтер, ал анамыз саудада жұмыс істеген, қазір құрметті

демалыста екеуі 5 ұл, бір қыз – 6 баланы оқытып, тамаша тәрбие беріп өсірген аса құрметті жандар. Рымкеш анамыз өте өнерпаз, баянмен ән айтады, тағы бір қасиеті қонақ күткенді жақсы көреді, үйден ешқашан қонақ үзілмейді. Мен де домбыраға



Құяды ақ сүтімен арын бойға,
Дариды пәктігінен дарын бойға.
Ананың ұлылығын ұғу үшін,
Өзіңдей қыздарың мен

жарыңды ойла.

қосылып ән саламын, сонымен бірге үйде қонақ күтуді қатты ұнатамын, осы жағынан келгенде достарымыздың бәрі мені анамызға ұқсатып, үнемі мадақтап ризалықтарын білдіреді, – дейді Рауна ағынан жарылып.

«Мерейлі отбасы» қалалық байқауында көпшіліктің сүйіктісіне айналып қошеметіне бөленген Қалмағамбетовтер отбасына үлкен самауырын сыйланды. «Екі-үш күн бойы бұл самауырын оттан түскен жоқ, ертелі-кеш туған-туыстар, дос-жарандар жиналып бәрі біздің қуанышымызға ортақтасты, шәй ішіп, мез-мейрам болыстық» дейді Рауна.

Жалпы бұл отбасында салау-

ол рәсімді өзім жұмыс істейтін колледжде өткіздім, әріптестерім, оқушылар бәрі қатысты, негізінен басқа ұлт балалары көп болғандықтан оларға мұндай қазақтың рәсімі өте қызық көрінеді, бәрі де мұндай арнайы тұсаукесер рәсімінің мән-мағынасы қандай, оны міндетті түрде ала жіппен кесу керек пе, жіпті қайдан алдыңыз? – деген сияқты сұрақтарды жаудырып осындай қарапайым дәстүрдің өзі көп құпияға толы екенін білдірді. Ал біздің халқымызда мұндай жол-жоралғылар аз емес, сәби өмірге келген күннен бастап әрбір өсу кезеңінде жасалатын ғұрыптар көп, біздің отбасымызда соның бәрін дер кезінде орын-

дап отыруға ұмтыламыз. Бұл бір қарағанда қарапайым нәрселер болғанымен отбасының, жануарының дәстүрі, құндылығы сайып келгенде ұрпақтар сабақтастығы болып келеді дейді жас ана. Сонымен бірге ол халқымыздың «абысын тату болса ас көп» деген



нақылының бір шындығын айтып қалды.

– Біз қара шаңыраққа жиі жиналамыз. Ондай жиындар тек арнайы айтулы күнді, мерекені күтпейді. Ата-анамыз немерелерін көргісі келіп сағынады ғой, өздері халқымыздың салтымен ең кіші ұлы Еркебұланмен бірге тұрса да басқа ұл-келіндері жиі барып тұрады және бір айтарым бес абысын басымыз қосылғанда үлкен-кіші демей, санаспай үйдің шаруасын лезде атқарамыз, мұның бәрі де бізге анамыздың берген тәрбиесі, көрсеткен үлгі-өнегесі. Ол кісі өте талап қойғыш және айтқанын істетеді, сондықтан біз де сол ыңғайдан табылуға тиіспіз ғой, – деген Рауна өзінің келіндік міндетті де ешқашан ұмытпайтын тәрбиелі ананың қызы екенін көрсетуде.

Р.Қалмағамбетова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек ететін колледжде бүгінгі таңда 261 бала аспаз, кондитер, бақылаушы кассир мамандығына оқып жүр, үстіміздегі оқу жылында алғаш рет қазақ тобы ашылды, бір қарағанда негізінен қыздарға лайық мамандықтар қазір ұлдарға да ұнай бастаған сыңайлы. Колледж оқушыларының жартысынан көбі ұлдар. Осында еңбек ететін отызға жуық мұғалім балалардың түрлі пәндік білімімен қатар қазіргі нарық сұранысына ие білікті маман болуына мол үлестерін қосып келеді, табыстары да жаман емес. Мәселен Антон Невайкин есімді студент колледждер оқушылары арасындағы аспаздар жарысында облыстық байқаудың жеңімпазы атанып жүлделі бірінші орынға шыққан. Ал ол Астанада өткен халықаралық конкурста 14 аспаздың ішінде 5-ші көрсеткішке қол жеткізді. Бұл аталған оқу орнының өз мамандығына үйрету саласында жалықпай еңбек етіп жатқандарын байқатады. Шаңырағы шаттыққа толы, үш ұрпағы қатарынан ұстаздық етіп келе жатқан Қалмағамбетовтер әулеті барлық отбасылық құндылықтарды сақтауымен ерекшеленіп, әкеден ақыл, анадан мейір төгіп отырған ұлағатты жанұя.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Суреттерді түсірген:

Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ



Еске алу

Қазақстан Магниткасын салуда ірге тасынан бастап атсалысқан ерлі-зайыпты Әскербек пен Көкенай Ауғанбаевтар, бірі еліміздің Оңтүстік өңірінен, екіншісі Қарқаралыдан келген өрімдей жастар еді. Республиканың өнеркәсіп орталығы Қарағандының қанаттас қаласы – Теміртауда болат қорытып, құрыш құятын ірі зауыт орнатуға құрылысшылар қажет деп ұран тасталған кезде жүздеген, мыңдаған жастар Самарқанд су қоймасының жағасында жаңа қаланың бой көтеруіне күш біріктірді. Солардың бірі Жамбылдан келген Әскербек Ауғанбаев болды.

Құрышты қаланың қарлығашы

Ол Тәжікстанның таулы жерінің етегінде Кітап деген шағын қалада туған, кейін отбасының жағдайына байланысты ауылға көшеді. Оған себеп балалардың көптігі еді, үлкендерді есептемегенде бір үйде 11 бала. Сонша жанды асырау оңай болмасын сезген әкесі Қаратай мал өсіріп күн көруді ойластырған.

Мектепте оқып жүргенде оныншы сыныпты аяқтар алдында бүкіл ақпарат құралдарынан Теміртауда тұңғыш металлургия зауыты салынайын деп жатыр, соған жастар жұмысқа қабылданады» деген хабар тарап жатты. Мұны естіген Әскербек комсомол комитетіне барып үлкен құрылысқа құлшыныс білдіріп, өзін тізімге жазып қоюды өтінді. Бұл игі бастаманы тағы 10 бала қолдаған, бірақ ата-анасы балаларының ішіндегі бас көтерер тұңғышының мұндай алыс жолға кетуіне қарсы болды. Әкесінің ағасы Нәлтай екеуі екі жақтап баланың осы бір алған бетінен қайтуы үшін жатпай-тұрмай үгіттеді.

– «Буының қатпаған, бөлің бекімеген жассың одақтың шар тарабынан жиналған неше түрлі бұзақылардың арасына түсіп өзің де бұзылып кетесің, ерте тұрып, кеш жатасың, онан да көз алдымызда бол» деген сөздер айтты.

Бірақ оның бәріне ол құлақ аспады.

– «Көппен көрген ұлы той» мұнда жүргенде не бітіремін, онда жұмыс істеймін, оқимын, дипломы бар инженер болып та шығуыма кедергі жоқ» деп өзінің алға қойған мақсатынан қайтпады.

– Үлкендердің айтқанын тыңдамай ел алдында бізді жерге қаратып кетпе, – деген әке сөзіне, ағалары Нәлтай мен Айтқұлға айтқан уәжі шынында да ересектерді де ойлантып тастады.

– Сіздер маған жанашырлық танытамын деп болашағымды ойламай отырсыздар, өзімнің бұл әрекетімнің дұрыс екенін ертең-ақ дәлелдеймін, ата-салтымыздың озығымен қатар тозығы да бар заман өзгерді, соған қарай өмір салтын да бейімдеуге тиіспіз. Мен үлкен өндірісте жаңа мамандық игеремін және оқып білім аламын, шешімім осы, – деп Әскербек



тоқатерін бір-ақ айтты.

Теміртаудың зор құрылысына онымен бірге барамыз деп жазылған он баланың жем-жемге келгенде бәрі бас тартқан, қарап отырса осындай белсенділік танытқандардың ішінен ол жалғыз қалыпты, ал айда көмелеттік аттестат алысымен «Мені Қазақстан Магниткасы құрылысына жіберіңіз» деп барған оны бірінші хатшы «Сенің комсомолға өтуіңе әлі үш ай жетпейді» деп қайтарып жібереді. Жаратылысында бірбеткей жігіт бұған еңсесі түскен жоқ, тығырықтан шығар жолды ойлап тапты. Салып отырып обкомның бірінші хатшысына барды, өзінің жағдайын айтты.

– Алған бетіңнен қайтпайтын өжет бала екенсің, түбінде сенен бірдеңе шығады, – деп комсомолға да тездетіп қабылдап, жолдаманы да кідіртпей қолына ұстатты.

Міне осылайша болашақ металлург Әскербек Ауғанбаев 1959 жылдың шыжыған шілде айында Теміртауға табан тіреп Токаревқа кентіндегі екі қабатты жатақханаға орналасты. Бұл Нұра өзенінің ішкі жағалауынан орын тепкен қазақ-орыс аралас ауыл еді. Жұртшылықты Нұраның сыртына Теміртауға шығаратын арнайы паром болған, әуелде құрылысшылар қалаға сонымен қатынап жүрді, кейін қалаға


таяу жердегі 90-шы орамда құрылысшылар үшін тігілген палаткаларда тұрды. Бойында қайрат, жүзінде күлкі ойнаған бозбаланың құрыш құятын қаладағы романтикалық өмірі осылай басталған еді.

Еңбек жолын Қарағанды металлургия комбинатының ірге тасын қалаудан бастаған Ә.Ауғанбаев бір жылдан кейін Украинаның Кривой-Рог деген қаласына агломератшы-мөлшерлеуші мамандығының оқуына жіберіледі. Болат қорытып құрыш құятын өндіріс Қазақстанда болмағандықтан оған қажетті мамандар дайындайтын оқу орны да әлі ашылмаған еді. Сондықтан жаңадан салынып жатқан қажетті мамандар Украинада, Ресейде дайындалатын. Әскербек те жоғарыда аталған оқу орнын бітіріп, жұмысшы мамандығын игеріп ұсақтау-ұнтақтау цехына қабылданды.

Зауытта салынып жатқан алып домнада құрышты ерітіп құятын шихта қажет, оған ұсақталған доломит, кенконцентраттары қосылады соңғысы Соколов-Сарыбай, Лисаковскден жеткізіледі. Бұлар шихта бөлімінде агломашинадан зерттеуден өтеді, агломерат болып шығады. Қосындылар 1200 градустық ыстық пеште сынақтан өтіп салқындатылады. Жолай бун-

керлерде тағы басқа қосындылармен араласып домнаға конвейермен жөнелтіліп жатады.

Әскербек біршама уақыт экскаватор машинисі болып та істеген. Жатақханада түрлі ұлттың жастары тұратын олардың ішінде басымдық көрсетіп, әлімжеттілік жасайтындар да болған. Жасынан ірі



келіншегі Көкенай мен балаларын ертіп жұмыстан кезекті демалысын алып ауылға барады. Жоғарғы білімді инженер дипломын көрсетіп, қызметінің өскенін айтқанда әкесі Қаракең бір кездері Теміртауға жібергісі келмей қарсылық білдіргені қателік екенін мойындайды. Мойындамай қайтсін көз алдында жүрсін деп тұла бойы тұңғышын алысқа жібергісі келмей қиналғаны, енді баласы ел қатарына қосылып игі жақсылардың арасында жүргені, жоғары білімді лауазымды азамат атанғаны әке жүрегі қатты елжіретті.


– Ақыл – жастан, асыл – тастан деген рас, жас болсаң да болашағыңды дұрыс болжаныңа ризамын, біздікі әйтеуір қасымызда қарайып жүрсе деген әкелік қимастық қана екен, енді міне өз өміріңнің шамшырағын өзің жақтың, ризамын, бұдан да биік белестерге шық, –деп ақ батасын берді әкесі.

Әскербек Ауғанбаев өзінің жасампаздық еңбегінің, табандылығының, білімділігінің арқасында Теміртау қаласының өсіп-өркендеуіне, Қарағанды металлургия комбинатының қарыштап қадам басуына бір кісідей үлес қосқан абзал азамат, үлкен отбасы иесі, оның бұл еңбегі ел үкіметі, қала, облыс басшылығы тарапынан әрдайым қошемет пен марапатқа ие болды.

Теміртау қаласындағы Металлургия аудандық кеңесіне депутат болып сайланды. Құрышты қаланың мәртебелі делегациясы құрамында Шымкентте өткен үш бидің мерейтойына, Тараз қаласының 2000 жылдығына және Түркістан қаласының тойларына қатысты. Қарағанды металлургия комбинатының құрметті ардагері атанды.

Орта мектепті бітіргеннен бастап Қазақстан Магниткасы деп соққан жүрек бір орында табан аудармастан зейнетке шыққанға дейін жарты ғасырға жуық еңбек етті. Ол «Еңбек ардагері» деген атаққа шын мәнінде лайық тұлға еді. Қазір ұлағатты тәлімгерден тәрбие алған жас металлургтер Әскербек ағаларының ізін жалғастырып болат легін толассыз сапыруда. Жұбайы Көкенай екеуі ұлағатты ұрпақ өсіріп, немере сүйіп адами қызықтардың бәріне кенелді.

**Қадыр ЖҰМЫШ,
ҚР Журналистер
одағының мүшесі**



«Оқжетпес» хабарлайды

Биылғы жылу беру маусымын сәтті аяқтаған коммуналдық қызмет енді тарату құбырлары мен станцияларды жөндеуді қолға алды. Соған орай көктемгі жуу-шаю жұмыстары үшін бірінші маусымнан бастап ыстық су тоқтатылатыны хабарланды.

Ыстық су 1 маусымнан тоқтайды

— Біз ТЭЦ-2 жылу көзін 10-15 күнге тоқтатуды жөн көрдік. Өйткені ондағы қазандықтарды жөндеу басталады. Бұған шамамен оншақты күн толық жетеді деп жоспарлап отырмыз, — дейді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бас энергетигі В. Вовнянко.

Өрине жылу көзінің қазіргі жаз маусымында жөндеуге тұруы заңды, дегенмен ыстық судың тоқтауы тұрғындарды мазаламай қоймайтыны анық. Сондықтан мамандар биылғы жазда ыстық суды тоқтатудың бұрнағы жылдарға қарағанда ұзаққа созылмайтыны туралы хабарлап отыр. «Оқжетпес» мамандары да ұзақ мерзімдік және жаппай тоқтату үрдісіне жол берілмейтінін жеткізді. Жуырда жүйелерді қысқы су кірлерінен тазарту үрдісі 19-20 мамырда аяқталады десе ол мерзімінен бұрын яғни 15 мамырда толық орындалды. Қазір осы жұмыс барысында белгілі болған өндірістік ақаулар жөнделіп жатыр.

ТЭЦ-2 жылу көзін жөндеуге биыл «АрселорМиттал Теміртау» 1,3 миллиард теңге бөлді, ал жүйелерге 651 млн. теңге қарастырылған. Онда № 4 қазандық күрделі жөндеуге қойылмақшы. «Оқжетпес» ЖШС жалпы ұзындығы 12,5 шақырым жылу жүйелерін және 4 шақырым су құбырларын, 5 электр трансформаторды жөндеуге шешім етті. Сонымен қоса жылу тарату қысымын арттыру үшін 1 насос станциясын салу белгіленді.

— Біздің жылуға қатысты кәсіпорындардың биылғы негізгі міндеті қолда бар құрылғыларды жөндеу және есептегіш құралдарды орнату болып отыр. Жалпы үйлерге қажетті өлшеуіш құралдар орнату одан әрі жалғасын табады, — дейді қалалық әкімдіктің тұрғын үй коммуналдық бағдарламалар бөлімі жетекшісі Ермек Дөненбаев.

Өз тілшімізден

Соңғы бет

№ 20 (22) 22 мамыр 2015 жыл

Күн тәртібінің 4-ші мәселесі бойынша жоба

Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу бойынша қалалық ұшжақты комиссия

2015 жылғы 21 мамыр №1 Хаттама Теміртау қаласы

Теміртау қаласы әкімінің, кәсіподақтар (қызметкерлер) бірлестіктерінің, жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер қауымдастықтарының арасындағы 2015 – 2017 жылдарға арналған келісім талаптарына толықтырулар енгізу туралы ШЕШІМ

Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу бойынша республикалық ұшжақты комиссия отырысының 2015 жылғы 16 және 24 ақпандағы және әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу бойынша облыстық ұшжақты комиссия отырысының 2015 жылғы 31 наурыздағы Хаттамаларына сәйкес әкімдіктерге өндірістік-еңбек қатынастарда тұрақтылықты, еңбек құқықтарын қорғауды және жұмысшыларды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету бойынша келісімге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар берілген.

Осыған орай әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу бойынша қалалық ұшжақты комиссиясы шешім етті:

1. Теміртау қаласы әкімінің, кәсіподақтар (қызметкерлер) бірлестіктерінің, жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер қауымдастықтарының арасындағы 2015 – 2017 жылдарға арналған келісім:

«Халықтың тиімді жұмыспен қамтылуына және адам капиталының дамуына жәрдемдесу» II-тарауы келесі мазмұндағы 2.8-тармағымен толықтырылсын:

2.8. Тараптар өндірістік-еңбек қатынастарда тұрақтылықты, еңбек құқықтарын қорғауды және жұмысшыларды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдауға міндеттеледі.

2. Комиссияның жұмыс тобы осы шешімді «Құрыш қала KZ» газетінде жарияласын және осы шешім Теміртау қаласы әкімдігінің сайтында және «Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ сайтында орналастырсын.

3. Шешімді орындауға бақылау жасау жұмыс тобына және комиссияның үйлестірушісі Н.О. Нелюбинаға жүктелсін.

Тараптар:

Ұшжақты
комиссияның
төрағасы
В.КОСТЮШИН

Қала
кәсіподақтарының
Үйлестіруші кеңесі
В.ДУБИН

Қала жұмыс
берушілерінің өкілі
Д. ПАВЛОВ

Теміртау қаласының кәсіпкерлер палатасы В. БЫКОВ

Проект по 4 вопросу повестки дня

Городская трехсторонняя комиссия по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений

21 мая 2015 года Протокол № 1 г. Темиртау

РЕШЕНИЕ О внесении дополнений в условия Соглашения между акимом города Темиртау, объединениями про- фсоюзов (работников), ассоциациями предпринимателей и работодателями города на 2015-2017 годы

Согласно Протоколам заседаний Республиканской трехсторонней комиссии по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений от 16 и от 24 февраля 2015 года и заседания областной трехсторонней комиссии по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений от 31 марта 2015 года акиматам рекомендовано внести изменения в соглашения, предусматривающие обеспечение стабильности в производственно-трудовых отношениях, защиту трудовых прав и трудоустройство работников.

В связи с этим городская трехсторонняя комиссия по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений **решила:**

1. Дополнить Соглашение между акимом города Темиртау, объединениями профсоюзов (работников), ассоциациями предпринимателей и работодателями города на 2015-2017 годы:

Раздел II «Содействие эффективной занятости населения и развитию человеческого капитала» пунктом 2.8. следующего содержания:

2.8. Стороны обязуются принимать меры по обеспечению стабильности в производственно-трудовых отношениях, защите трудовых прав и трудоустройство работников.

2. Рабочей группе Комиссии опубликовать данное решение на страницах городской газеты «Құрыш қала KZ» и разместить данное решение на сайте акима города Темиртау и на сайте ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Темиртау».

3. Контроль за исполнением решения возложить на рабочую группу и координатора комиссии Нелюбину Н.О.

Стороны:

Председатель трехсторонней комиссии	Координационный Совет профсоюзов города	Представитель работодателей города
В. КОСТЮШИН	В. ДУБИН	Д. ПАВЛОВ

Палата предпринимателей города Темиртау В.БЫКОВ

Сөйле, сурет!

Аңсаған Мұстафаның Әлеуметтік тақырыптарға арналған (50 сурет) графикалық суреттер көрмесіне шақырамыз!

Ақ босаға
ABAI.KZ
TÜRK MƏDİN
ҚАЗАҚСТАН
Азаттық
Радиосы
baza.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ТАРИХИ - МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

26.05.2015 сағат 11:00 де
Теміртау қаласы,
Республика даңғылы, 40
Тұңғыш Президенттің
тарихи-мәдени орталығы

Мамам мені өлтіретін шығар...

Мамам мені өлтіретін шығар...

МЕНІШК ІЕСІ:

«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС

Құрылтайшысы әрі директоры

Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор Руза АЛДАШЕВА

Техникалық редактор:

Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады

Тапсырыс 22

Тиражы 1000 дана.

Форматы А-3.

Көлемі 3 баспа табак.

Офсетті басылым: Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.

Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.

(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru